

Норвегия Корольдігінің Премьер-Министрі Кьелл Магне Бондевиктің Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 14 мамырдағы N 143-ө өкімі

Қазақстан Республикасы мен Норвегия Корольдігі арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және 2004 жылғы 25-26 мамырда Астана қаласында Норвегия Корольдігінің Премьер-Министрі Кьелл Магне Бондевиктің Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 2004 жылғы 25-26 мамырда Астана қаласында Норвегия Корольдігінің Премьер-Министрі Кьелл Магне Бондевиктің Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша): қосымшаға сәйкес Норвегия Корольдігі ресми делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөніндегі қажетті ш а р а л а р д ы қ а б ы л д а с ы н ;

2004 жылға арналған республикалық бюджетте "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен сапарды және бизнес-форумды өткізу шығыстарын қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Норвегия Корольдігінің делегациясы мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ екі арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі б е л г і л е н г е н т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, Норвегия Корольдігі Премьер-Министрінің екі арнайы ұшағының Астана қаласының әуежайына қонып, Қазақстан Республикасының аумағы үстінен ұшып өтуін;

Астана қаласының әуежайында арнайы ұшақтарға техникалық қызмет көрсетуді, олардың тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

қ а б ы л д а у

ұ й ы м д а с т ы р у .

8. Астана қаласында Қазақстан Республикасының және Норвегия Корольдігінің іскер топтары өкілдерінің қатысуымен бизнес-форум өткізу үшін қажетті ілеспе-аудармашылар жұмысына, залды, слайд-проекторды, компьютерді, ілеспе аудармаға арналған жабдықтарды, құлақшаларды, микрофондарды жалға алуға және кеңсе заттары мен минералды суларға ақы төлеу.

9. Ресми делегацияның мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК